



*Менің*

e-mail: [agun.katu@gmail.com](mailto:agun.katu@gmail.com) • [www.kazatu.kz](http://www.kazatu.kz)

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

# УНИВЕРСИТЕТІМ

*Алтыннан ардақты, күмістей көркем,  
тұлдей көрікті біздің университетіміздің  
ерлу да әсем арулары!*



Сіздерді шұғыласымен жер дүниені көмкерген әлемдегі ең керемет мейрам – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел бұл мереке, Әйел бұл көктемде бүр жаратын бәйшешек гүлі тәрізді ерекше әдемі жаратылыс. Арулар асыл жандар!

Осы бір ерекше мереке тек әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мызғымас алтын діңгегі тәрізді. Дәл осы күні жер жүзінде қанша әйел болса сонша ізгілік пен нұр құйылатын шұғылалы күн. Ендеше бұл күн – отбасы берекесінің ұйытқысы болып отырған біздің аналарымыз, жарымыз, әпкелеріміз бен қыздарымызға жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн. Атам қазақ: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел заты тек отбасының қамқоршысы ғана емес, береке –

бірліктің, жақсылық пен қуаныштың қайнар бұлағы. Елбасымыздың өзі еліміздегі барша нәзікжандыларға қарата «Сіздер біздің қоғамдағы бірліктің, жасампаздық пен тұрақтылықтың бейнесіне айналдыңыздар», – деген болатын. Расымен де бүгінгі ару жандар мемлекеттің тыныс-тіршілігіне және саяси мәселелерге белсене араласатын аса белсенді қоғам мүшесіне айналып отыр. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

Осынау бір көктемнің жылы шырайлы жайдарлы күнінде жан дүниемді тербей шыққан шынайы лебізімді арнай отырып, барша аналарға ұлтты тәрбиелеу жолындағы ұлы істеріңіз үшін алғыс білдіремін.

Оқу ордамыздың да жақсы жағынан көрініп, талай жетістіктерге жетуі мына сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі екендігін шегелеп тұрып айтқым келеді.

Сіздерге мәңгілік жастық алауын, адал махаббат жылуын, шынайы сүйіспеншілік шуағын тілеймін.

Қазақтың көне тарихында да әйел затына ерекше мән берілді. Кешегі тарихта Тұмар ханым (Томирис), Домалақ аналар бар халықты алақанына салып тербетсе одан бергі заманда Абылай ханның қолбасшылары болған Айбике ару, Гаухар батырлар ел қорғау ісіне ат салысты. Бергі заманда Әлия мен Мәншүк, те біздің ұлы халымыздың аттары аңызға айналған әйел тұлғалары. Менің ойымша әйел әлемдік жаратылыстың ерекше бір бөлшегі. Әлем әйелсіз болмайды және болуы да мүмкін емес.

Ендеше жылулық нұрын ала келген осы бір мерекеде барлықтарыңыздың шаңырақтарыңызда ырыс ортаймай, жүздеріңіз шынайы күлкіге толы болсын!

Университетіміздің қыз-келіншектері мен әсем арулары, мерекелеріңіз құтты болсын!

*Ізгі ниетпен,  
Ректор А.Күрішбаев*

# КВН

## Ректор кубогына арналған Жайдарман ойындары өтті



2018 жылдың 1 наурыз күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде профессор - оқытушылар арасында «Астанаға 20 жыл» атты Жайдарман ойындары өтті. Ойын барысында ректор кубогы сарапқа салынды.

Екінші рет ұйымдастырылған «Жайдарман» ойынына профессор-оқытушылардан құралған 9 команда қатысты. Қатысушылар дәстүрге айналған «Сәлемдесу» және «Үй тапсырмасы» сайыстары бойынша өнер көрсетті. Көңілді кешке университет ректоры А.Қ.Күрішбаев пен «Қазақстан КВН Одағы» президенті Есен Елеукең қатысты.

Ерекше ойынға Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Ж.А.Құсайынова, Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы А.Б.Жүнісбеков, Қазақстан Республикасы КВН Одағының атқарушы директоры Рүстем Елжанов, ҚР КВН Одағының бас редакторы Қасиет Кәрім бағасын берді.

Қызықты ойынның қорытындысы бойынша, бас жүлдені агрономиялық факультетінің «Көңілді диханшылар» командасы қанжығасына байлады. I орынды техникалық факультеттің «ТехSTAR» командасы жеңіп алса, II орынға экономикалық факультеттің «АС платонус» командасы тұрақтады. III орынды КЖЖКББ факультетінің «КСИПО құрамасы» мен тәрбие бөлімінің қызметкерлерінен құралған «ДВР» командасы бөлісті.

Ойын соңында жеңімпаздар мен қатысушыларға кубок, алғысхаттар мен қаржылай сыйлықтар тарту етілді.



## КВН на Кубок ректора КазАТУ

1 марта 2018 года в Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина прошел финал розыгрыша КВН на кубок Ректора к 20-летию г. Астаны.

В игре приняли участие 9 сильнейших команд профессорско-преподавательского состава факультетов университета. Участники соревновались в

традиционных конкурсах: «Приветствие» и «Домашнее задание». Гости вечера ректор Куришбаев А.К. и президент Союза КВН Казахстана Есен Елеукен.

Члены жюри: проректор по воспитательной работе Кусаинова Ж.А., руководитель Управления по молодежной политике Жүнісбеков А.Б., исполнительный директор Союза КВН Казахстана Рүстем Елжанов, главный редактор Союза КВН Казахстана Касиет Карим.

По результатам игры Кубок ректора выиграла команда «Көңілді диханшылар» агрономического факультета, I место заняла команда «ТехSTAR» технического факультета, II место - «АС платонус» экономического факультета, III место разделили между собой команды «Сборная КСиПО» факультета КСиПО и команда «ДВР» департамента по воспитательной работе.

Победители, призеры и участники игры награждены дипломами и денежными вознаграждениями.



## «Мисс ҚазАТУ – 2018»

2018 жылы 2 наурыз күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Мисс ҚазАТУ – 2018» факультетаралық байқауы өтті. Байқауға университеттің 16 ару қызы қатысты. Сайыстың дайындық жұмыстары үш аптаға созылған болатын.

Ақылы мен көркі жарасқан сұлуларымыз таныстыру, интеллектуалдық сұрақтар, флешмоб биі және кешкі көйлекпен сән көрсету сайыстары бойынша бақ сынады. Арулардың әсемдігі мен көркемдігін, тапқырлығы мен білгірлігін Қазақстан футбол федерациясының Маркетинг және PR қызметі департаментінің директоры Н.Қ.Бақытбеков, «ММ» өнер-білім орталығының директоры, экономикалық факультетінің түлегі М.Т.Мұқанова, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы А.Тастемір, «AruModels» модельдік агенттігінің директоры, ВжМШТ факультетінің түлегі А. Сүйіндыкова, блогер, бизнесмен С.Еспанов, продюсер, «Спарта-Номад» жоғары Лига чемпиондары КВН командасының директоры, жерге орналастыру факультетінің түлегі С.Несіппаев, «Спарта-Номад» жоғары Лига чемпиондары КВН командасының ойыншысы, актер Д.Джексеков, халықаралық визажист, Қазақстан визажисттер ассоциациясының мүшесі, Б. Атабаева және «Мисс Астана-2012», «Қазақ Аруы-2014», актриса, тележүргізуші А.Ерғазы бағалады. Сондай-ақ, КЖЖКББ факультетінің түлегі Д.Серікқали, экономикалық факультетінің түлегі Ж.Рамазан және КЖЖКББ факультетінің 2 курс студенті А.Оразаев және «Zflowers» гүлдер дүкені байқауға демеушілік көрсетті.

Сайыстың қорытындысы бойынша, «Мисс ҚазАТУ – 2018» титулы экономикалық факультетінің аруы Ж.Түлегеноваға бұйырды. «I Вице Мисс – ҚазАТУ» титулын агрономиялық факультетінің аруы Н.Ерғалиева иеленсе, «II Вице Мисс – ҚазАТУ» титулына ВжМШТ факультетінің аруы Э.Абашева лайық деп танылды. «III Вице Мисс – ҚазАТУ» титулын энергетикалық факультетінің аруы Д.Олейник еншіледі.

«Мисс Грация» номинациясын ВжМШТ факультетінің студенті М.Айтпаева, «Мисс Очарование» номинациясын ВжМШТ факультетінің студенті Э.Базарбаева, «Мисс Улыбка» номинациясын КЖЖКББ факультетінің студенті М.Жоламанова, «Самая лучшая творческая работа» номинациясын техникалық факультеттің студенті М.Қали, «Көрермендер көзайымы» номинациясын әлеуметтік желіде онлайн дауыс жинау бойынша экономикалық факультетінің студенті Ж.Түлегенова, «Үздік дефиле» номинациясын агрономиялық факультетінің студенті Ә.Қылышбаева иеленді. Қатысушыларға диплом, гүл шоқтары мен тегін фотосессия сертификаттары табысталды. Кеш соңында Н.Бақытбеков 16 қызға футбол федерациясының сыйлығы және жеңімпаз аруға «Rixos» қонақ үйінің «СПА» салонына сертификат табыстады. М.Мұқанова қыздарға Роза Әлқожа брендінің орамалдарын тарту етіп, жылы лебізін арнады. С. Еспанов жеңімпаз қыздарға қаржылай сыйақы берді. А. Атабаева М.Қали мен А.Бигаринаға визажист курсы тегін оқу сертификатын ұсынса, С.Несіппаев «Спарта - Номад» КВН командасының футболкасын Э.Абашеваға табыстады.



## ҚазАТУ-да маңызды меморандумға қол қойылды

2018 жылы 16 ақпан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Ақмола облысының белсенділерімен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында қойылған міндеттеріне сәйкес, ауылшаруашылық өндірісіне заманауи технологияларды енгізуді ұйымдастыру бойынша бірлескен жиын өтті.

Іс-шараға университет ректоры А.Қ.Күрішбаев, ҚР АШМ-нің жауапты хатшысы Е.Б.Көшербаев, Ақмола облысының әкімі М.К.Мырзалин, аудан (қала) әкімдері мен олардың орынбасарлары, ауыл округтарының әкімдері, аудан ауылшаруашылық басқармаларының басшылары, жер комитеті жетекшілері, табиғат пайдалану басқармасының, ветеринарлық-коммуналдық кәсіпорынның, ауылшаруашылық кәсіпорындарының, аңшылық, балық шаруашылығы саласының өкілдері мен университет ғалымдары қатысты.

Университет ректоры А.Қ.Күрішбаев өз сөзінде: Жоғары оқу орны мен тұтас бір облыстың агроөнеркәсіп кешені арасындағы мұндай ынтымақтастық бірлестік алғаш рет басталып отыр және бұл Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы заманауи «ақылды технологиялар» негізінде агроөнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған тұңғыш практикалық қадам болып табылады. Ынтымақтастық үш бағытта жүруі тиіс: ол – өндіріс саласына отандық ғылым жетістіктерін ендіру және озық шетел технологияларын трансферттеу; агроөнеркәсіп кешенін білікті жас мамандармен қамтамасыз ету; облыс ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер арасында заманауи аграрлық білімді тарату болмақ. Министрліктің цифрландыру жобасы бойынша жобалық кеңсесін университетімізге ауыстыру шешімі қабылданды. Сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігі ағымдағы жылға Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының екі негізгі шаруашылығында нақты егін егу технологиясын әзірлеу және қолданысқа енгізу міндетін алға қойды. Аталмыш шаруашылықтар алдағы жылдары ауылшаруашылық өндірушілеріне дәлме-дәл егін егу технологиясын үйрететін орталыққа айналады», - деді.

Ал Ақмола облысының әкімі М.К.Мырзалин өз сөзінде, ҚазАТУ мен ҒЗИ ғалымдары агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға айтарлықтай үлес қосып отырғанын, өндіріс саласында ғылыммен бірлесе отырып, ең озық технологияларды өндіріске енгізу арқылы шешілуі керек бірқатар жүйелік міндеттер бар екенін, онсыз бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдерін шығара алмайтынына тоқталды. Міндеттер ескерілсе, ғылыммен ынтымақтастықта қызмет ететін ауылшаруашылық кәсіпорындарының саны артанына сенім білдірді.

Жиында бұдан бөлек С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ақмола облысының АӨК-не отандық аграрлық ғылым жетістіктерін ендіру, шетелдік озық технологияларды трансферлеу, мамандармен қамтамасыз етіп, олардың біліктілігін арттыру, ауылда кооперацияны дамыту және ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер арасында заманауи аграрлық білімді тарату арқылы ғылыми-практикалық көмек көрсету туралы ұсынысы қаралды.

Іс-шара соңында ҚазАТУ АҚ Басқармасы мен Ақмола облысы әкімдігі арасында агроөнеркәсіп кешені саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық Меморандумына қол қойылды.

Өз тілшімізден





## Куба елшісі ҚазАТУ-да болды



Куба Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Эмилио Певиды Пупоның С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-ға қонақжайлық сапарымен келді.

2018 жылдың 12 ақпанында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Куба Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Эмилио Певиды Пупо қонақжайлық сапарымен келді, оны Басқарма Төрағасы, профессор А.К.Күрішбаев қабылдады.

2014 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Куба Республикасының Білім және ғылым министрлігі арасында қабылданған білім саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы төрт жылдық меморандумның және дипломатиялық қатынастар орнатылуының 25-жылдығының маңыздылығын атап өтіп, тараптар қазақстан-кубалық қарым-қатынастардың жандануы мен нығаюы туралы келісті.

Аграрлық секторға, атап айтқанда салалық ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осыған байланысты аграрлық ғылымды, интеграцияланған ғылыми бағдарламаларды, технологиялық трансфертті, сондай-ақ аграрлық ғылымды қаржыландыруды жетілдіру жолдарын іздестіру сияқты мәселелер талқыланды.

Кездесуге АҚ «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің» ғылыми-инновациялық қызметі жөніндегі проректоры И.Т. Тоқбергенов және Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығының директоры С.Мейрамова қатысты.



## Әнші Тамара Асар ҚазАТУ-да қонақта



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Жас толқын» клубының ұйымдастыруымен «Жұлдызбен жүздесу» атты кезекті ток-шоу ұйымдастырылды.

Бұл жолғы кештің қонағы «Құрмет» орденінің иегері, «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Тамара Асар болды.

Шараны Әлібек Мирзакулов пен Болат Совет жүргізіп, «Нирвана» гитаристер виа-тобы сүйемелдеді. Ерекше әсермен басталған кеш барысында Тамара Асарға көптеген сұрақтар қойылды. Әнші өзін сүйіп тыңдайтын ҚазАТУ жастары алдында бір сәт студенттік шағына сапар шегіп, өзінің үздік, белсенді, ізденімпаз студент болғандығы жайында баяндап берді. Тіпті әнші, оқушы кезінде басынан өткерген қызықты оқиғаларын да еске алды. Сонымен бірге, бүгінгі қазақ эстрадасының жай-күйінен де ақпараттар бере отырып, өзінің келешек жоспарларымен де бөлісті. Әнші жиналған жастарды елсүйгіштікке шақыра отырып, бүгінгі заманды бақыттың бесігіне теңеді. "Дәл бүгін өздерің білім алып жатқан оқу ордасы елеміздің заман талабына сай, қарышты шаңырақ. Сендер осындай аса үлкен университетте білім алудысыңдар. Сол үшін де сендер бақыттысыңдар",-деді. Қазір елімізде көп жастар Астанаға келуді армандайтынын айтты. Ал ҚазАТУ студенттеріне білікті маман өз ісінің зергері болуды тіледі.

Кездесу барысында «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Шәй ішіп кетсең қайтеді», «Самаурыным қайнасын», «Шырқа, шырқа, биле, биле», «Ренжімеші» әндерін жанды дауыста шырқап, жиналғандарды ерекше әсерге бөледі.

Кеш соңында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ж.А. Құсайынова университет атынан Алғыс хат пен «Бәйтерек» кәдесыйын тарту етті.

Әдемі кеш естелік фотоға түсумен аяқталды.



## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ!

Бүгінгі жас буын, келешек зыялы қауым өкілдеріне айналатын жастарға тәлім тәрбиенен қатар білім нәрін сусындатып келе жатқан өнегелі ұстаз ағамыз, профессор Қырықбаев Жақсыгелді Қасымұлының оқу ордамызда үздіксіз жұмыс істегеніне 36 жылдан асты. Осы жылдар ішінде жерге орналастыру саласында атқарған еңбектері әлі талай жылдар жастарға білім азығы болары сөзсіз.

Білім саласындағы майталман ағамыз, сонымен қатар қызмет саласының да бірнеше баспалдағын басып өткен болатын. Жақсыгелді Қасымұлы алғашқы еңбек жолын 1981 жылы жерге орналастыру кафедрасының ассистенті ретінде бастады. 1984-1987 жылдары аспирантурада оқып, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бойынша диссертациясын сәтті қорғады. 1988-1991 жылдар аралығында деканның орынбасары, 1991-1994 жылдары жерге орналастыру кафедрасының доценті, 1994-2002 жылдары жерге орналастыру факультетінің деканы ал, 2002-2012 жылдар аралығында жерге орналастыру кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды.

Декан ретінде Жақсыгелді Қырықбаев алғашқы болып факультетте жерге орналастыру мамандарын мемлекеттік тілде дайындау ісін ұйымдастырған білікті маман. Ол оқу үрдісін әдістемелік тұрғыдан қамсыздандыру жұмысына қомақты үлес қосты. Жерге орналастыру саласының қыр-сырын өзінің оқулықтарында, ғылыми жұмыстарында және мақалаларында кең көлемде сала бойынша жіктеп, қазіргі жер реформасындағы күрделі мәселелердің артықшылықтары мен кемшіліктерінің шешімін анықтап берді. Оның жүзге жуық ғылыми-әдістемелік еңбектері, солардың ішінде 3 оқулық және 14 оқу құралы бар.

Қазіргі кезде жетекші оқытушы ретінде жерге орналастыру кафедрасында бірқатар оқу пәндері бойынша (екі тілде) дәрістерге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулар дайындауда.

Жақсыгелді Қасымұлы ұзақ жылдар бойы диссертациялық кеңестің мүшесі (ғылыми хатшы) болды. Жүйелі түрде оқулықтарға, ғылыми мақалаларға, оқу-әдістемелік құралдарға, магистрлік дииссертацияларға пікір жазып, магистранттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасап келеді. Мемлекеттік аттестациялық комиссияның төрағасы ретінде Республиканың басқа жоғары оқу орындарына жиі барып тұрады, бірнеше рет ҚР Білім және ғылым министрлігінің аттестациялау және аккредитациялау комиссиясының мүшесі болды.

Осындай қажырлы еңбегінің арқасында 1997 жылы мамандарды дайындау ісіне қосқан үлесі үшін ҚР Білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің, ал 2007 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, академиялық профессор атағы берілді.

Аграрлық ғылым саласындағы жетістіктері үшін А. Бараев атындағы І-дәрежелі Мемлекеттік сыйлықты иеленіп, 2012 жылы Қазақстан Республикасының «Құрметті жерге орналастырушысы» атанды. 2016 жылы М.А.Гендельман мен Н.Т.Қадыров сынды профессорлардың 100 жылдығына арналған мерейтойлық медальдарымен, 2017 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталып, «Университеттің құрметті қызметкері» атағына иеленді.

Міне, осылайша білім саласында тымбай еңбек етіп жүріп, зейнеткерлік жасқа да келіп қалғанын ағамыз сезді ме?!...

Осы уақытқа бағынбай еңбек жасап келе жатқан Қырықбаев Жақсыгелді Қасымұлы ағамызға тек алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Арамызда жүріп, ізін жалғар көп шәкірттерді тәрбиелей беруіне тілектеспіз.

Ұстаздықтың ауыр жүгін көтеріп,  
Оңашада ойға баттың, ой өріп.  
Алдыңыздан қанат қақты сан ұрпақ,  
Еңбегіңіз жүрді кілең өтеліп.

Жүректерге білім нәрін мың құйып,  
Жанарында тұратындай күн күліп!  
Болашаққа бағыт-бағдар сілтейсіз,  
Адалдықтың әр ісіңнен білдіріп.

Жақсыгелді ағай, ұжымдардың атынан  
Құттықтадық сегіз жолдық өлеңмен,  
Пайғамбардың жасындасыз, жүз жасап.  
Еселенсін абырой мен бак, ғұмыр!

Жақсыгелді Қасымұлының 63 жылдық мәртебелі зейнеткерлік жаспен құттықтай отырып, елімізге сіңірген еңбегіңіз молая берсін, халқымыз алдындағы абыройыңыздың арта түсуін тілейміз.

Жерге орналастыру факультетінің ұжымы



## *ҚАЗАТУ дың жас ақындары керемет кеш өткізді*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ақынжандыжанды жастарынан құралған «Қаламгер» әдеби-шығармашылық бірлестігі ақын М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Өмір өзен» атты әдеби сазды кеш ұйымдастырды.

Кешке білім ордасының ұстаздары мен студенттері, кафедра меңгерушілері келіп қатысты. Шара барысында студент жастар ақынға арнаған өлеңдерін оқуымен бірге жалпы отансүйгіштік тақырыбына жазылған жырларын паш етті. Сонымен бірге Мұқағали өміріне үңіліп, шағын көріністік қойылым да қойды. Көрініс барысында Қаламгердің жетекшісі жас ақын Қанибаев Дәуірхан ақын ролын сомдап, жиналғандардың көзайымына айналды. Сондай-ақ өзінің соңынан ерген жас ақындар мен замандастарына ақ жол тілеп, жүрек жарды лебізін білдірді.

Шараның қорытынды тұсында ф.ғ.д Қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі Сәлима Кенжемұратқызы шәкірттерінің талаптары мен таланттарына ризашылығын білдіріп ақ жол тілесе, кафедра оқытушысы Асқар Елтайұлы Ринат ақынның сөзіне жазылған Ұлықпан Жолдасовтың әні «Өмір өзен»-ді, шырқап көпшіліктің көңілін бір серпілтіп тастады.

Рухани азық беретін кештің соңы естелік фотосуретпен аяқталды.





## ҚазАТУдың қос аруы жеңімпаз болды



Арайлым- экономикалық факультетінің Есеп және аудит мамандығының 4-курс студенті

**Арайлым өзін ҚазАТУ-дың 4 курс студентісің. Жалпы бұл сайысқа қатысудағы мақсат не? Жетекшілік жасаған кім болды?**

Байқау өткен жылдың қараша айында өткен болатын. Байқау жалпы астана бойынша 1С деп аталды. Байқаудың ұйымдастырушысы «Батыр» компаниясы. Байқауға қатысу туралы біздің де университетке ұсыныс келіп түскен екен. Сол ұсыныс бойынша университетіміздің декандары мені ұсынды. Солай ойламаған жерде байқаудың үміткері болып шыға келдім. Байқауға Астанадағы барлық жоғарғы оқу орындарынан экономика мамандығы бойынша білімін шыңдап жатқан студенттер келіп қатысты. Тіпті олардың санына жету мүмкін болмады әйтеуі көп.

### Байқау қалай өтті?

Байқау тест тапсырмалары негізінді өткізілді. Қорытындысында менің жинаған балым ең жоғары болып шықты. Соның нәтижесінде осы сертификаттың иегері атандым.

### Жеңімпаз атандыңыз енді қандай нәтиже күтесіз?

Қазірдің өзінде республикадан және Астана қаласындағы бірнеше ірі компания мені жұмысқа шақырып отыр. Келісімді берсем дипломым қолыма тиген күні жұмысым дайын. Бірақ әлі қай мекемеге баратынымды таңдағам жоқ. Ойланып отырмын.

Тамаша сәттілік тілейміз.

2- Дильназ Жерге орналастыру факультетінің бағалау 1-курс студенті

### Ал Дилназ айтыңызшы сіз бірінші курс студентісіз қандай конкурстың жеңімпазы атандыңыз?

Біз бірінші курс студенттері болғандықтан бізге қазір жалпылама пәндер енгізілген. Сол пәндер арасында «Орыс тілі» пәнінен сабақ беретін ұстазымыз Асия Шакенқызы келіп студенттер арасында «Экспо-2017» мекмлекетіміздің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық Олимпиадасы ұйымдастырылып жатқандығын айтып, байқауға қатысу туралы кеңес берді. Осылайша барлық 1 курс студенттері өз эсселерімізді жазып мұғалымның қолына тапсырдық. Барлық студенттердің арасынан мені таңдапалды. Ұстазымның жетекшілігімен алғашқы жазған жұмысымды қайта жетілдіріп халықаралық конкурсқа табыстадым.

### «Экспо-2017» көрмесі үлкен мемлекеттік, қала берді тіпті әлемдік деңгейдегі маңызды бар шара болды. Қалам тартуға қорққан жоқсызба?

Экспо тақырыбы мен үшін оңай болды. Себебі мен Экспо көрмесін ерекше жақсы көрдім. Сол көрменің өзіне бірнеше рет арнайы барып, түгел зерттеп алдым десем де болады. Және ақпарат құралдарынан үнемі Экспо көрмесінің тарихы, оның маңыздылығы біздің елге берері жайлы өте көп мағлұматтар берілдіғой. Сондықтан ештеңеге қарамай олимпиадаға қатысуға бел байладым.

### Олимпиада қайда өтті және қанша студент қатысты. Хабарыңыз барма?

Өкінішке орай қанша студент қатысқанын білмеймін. Бірақ халықаралық дәрежеде болғандықтан қатысушылар саны тым көп болғанын білем. Ал жұмысымызды Астанадағы В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің бөлімшесіне тапсырдық. Естуімше жұмыстардың қорытындысы Мәскеу қаласының өзінде шығарылыпты. Нәтижесінде міне үшінші дәрежелі дипломға ие болып отырдым.

### Тамаша, Айтыңызшы эссені қалай жаздыңыз? және жазып шығуға қанша уақын жұмсадыңыз?

Сенесізбе мен бұл жұмысты сабақ үстінде жазып шықтым десем болады. Барлық ой сол сабақтың барысында келді. Тіпті қз ойымның алғашқы жемісін қағазға түсіріп алып сабақ соңында сол орынымнан қозғалмай отырып жаздым. Бас-аяғы 45-50 минутта жазып шықтым десем болады.

### Керемет! Ендеше қаламыңыз мұқалмасын!

Сұхбатты жүргізген Айтбай Әдемі «New press» клубының тілшісі  
ҚазАТУ студенті



## Біздің студент Әлем чемпионы атанды



28 қаңтар Украинаның Одесса қаласында өткен Карате-киокушинкай бойынша Әлем чемпионатында Техникалық факультеттің 1 курс студенті Темірлан Жәнібек топ жарды. Темірлан ерлер арасында 60 келі салмақта сынға түсті. Украинада қазақтың көк туын желбіреткен чемпионмен сұхбат құрған едік.

### Темірлан, каратэмен айналысуына не себеп болды?

- Бала кезімде Брюс Ли, Джеки Чанның кинолардағы түрлі тәсілдерін қызыға көретінмін. Каратэ кірпіш, *агаши* секілді қатты заттарды *сындыру* тәсілдерін меңгеретін спорт түрі деп түсінетінмін. Бірде жаттықтырушы біздің мектепте каратэ үйірмесінің ашылатынын айтты. Ол кезде мен 2 сыныпта оқимын. Үйге келіп анама айттым. Кешкісін барып жазылып, каратэ үйірмесіне қабылдандым. Каратэдағы алғашқы қадамым осы бір үйірмеден бастау алды. Жаттықтырушым Азамат Хамзин болды.

### Спорт жолында тағы қандай жетістіктерің бар?

- 11 жыл ішінде көптеген әлемдік және халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатыстым. Әр жарыс мен үшін үлкен тәжірибе болатын. Жасөспірімдер арасындағы

Еуропа Чемпионатының екі дүркін чемпионы атандым. 2015 жылы Әлем чемпионы атағын жеңіп алдым. 2017 жылдан бастап 18-21 жас аралығында ерлер арасында сынға түсе бастадым. Осы категорияда биыл алғашқы рет Әлем чемпионы атандым.

### Отбасың туралы айтып берсең?

- Ағам мен апам бар. Үйдің кенжесімін. Отбасымда спортпен ешкім айналаспайды. Алайда, спорттан хабары болмаса да, менің таңдауымды қолдаған ата-анама алғыс білдіремін.

### Спорт пен оқуды бірге алып жүру қиынға соқпай ма?

- Жоқ қиын емес. Факультет оқытушылары әрдайым жетістігіме қуанып, қолдау көрсетіп отырады. Оқуда да қатардан қалмай, спортта да биік белестерді бағындыруға тырысамын.

### Алдағы жоспарларың қандай?

- Жазда Астана қаласында Азия чемпионатын өткізу жоспарланған. Карате-киокушинкай бойынша Азия чемпионаты екінші рет өткізілмек. Бірінші рет 2010 жылы өткен болатын. Сәуір айында чемпионатқа іріктеу басталады. Азия чемпионатына қатысып, жеңіске жету – басты мақсаттарымның бірі.

### - Қазіргі таңда жаттықтырушың кім?

Бүгінде жаттықтырушым Қазақстан Республикасының бас бапкері Дастан Дүйсенбайұлы. Қыркүйек айында ашылған Қараөткел елді-мекенінде жаттығу залында дайындаламыз.

### - Өзіңнің қатарластарына қандай кеңес айтар едің?

Жастарға айтарым, бастысы мақсат қою керек. Содан кейін мақсатқа жетер іс-әрекеттер жасаса, міндетті түрде нәтижесін берері анық. Қазіргі таңда, жастардың басым көпшілігі «уақыт жоқ» деген сылтау айтады. Әр күніңді жоспарласаң, міндетті түрде спортқа да, оқуға да және басқа дүниелерге уақытты жеткізуге болады. Мақсатқа жетудің басты қағидасы – еш кедергіге қарамай еңбектену.

### Сұхбатыңа, көп рахмет!

Сұхбаттасқан Бота Жәкен



## Волейбол жарысы



Жыл сайын университетімізде профессорлар мен ұстаздар қауымдастығы және әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері арасында спорттың бірнеше түрлерінен "Сергектік және денсаулық" атты дәстүрлі спартакиадасы өткізіліп тұрады. Осы шараның аясында ұстаз аруларымыз бен жігіттеріміздің арасында волейболдан жарыс өтті. Алты күнге созылған тартысты жарысымызда ерлер арасында ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің ұжымы чемпион атағын жеңіп алса, экономикалық факультетінің ару ұстаздары осы спартакиаданың чемпионы атанды. Енді осы жарыстарымызға қысқаша шолу жасап өтсек. Жігіттер арасындағы ақтық кездесуде ВжМШТ командасы техникалық факультеттің командасымен кездесіп 2:0 есебімен жеңіске жетті. Жеңімпаз бен жүлделі орындардың жарыс қорытындысы төмендегідей болды:



- 1 орын - ВжМШТ факультеті
- 2 орын - техникалық факультет
- 3 орын - әкімшілік-шаруашылық бөлімі

### **Суретте жарыстың жеңімпаз командасы ВжМШТ факультетінің жігіттері**

Қыздар арасында ақтық кездесуге экономикалық факультетінің аруларымен компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің қыздары алаңға шықты. Тартысты да қызықты өткен кездесу 2:1 есебімен экономикалық факультеттің ұстаз арулары жеңіске жетіп, спартакиада жеңімпазы атанды. Арулар сайысының есептік кестесі төмендегідей болды:

- 1 орын - экономикалық факультет
- 2 орын - КЖЖКББ факультеті
- 3 орын - техникалық факультет

### **Суретте спартакиаданың жеңімпаздары экономика факультетінің арулары**

Жарыстың сапалы және адал өтуіне дене шынықтыру кафедрасының оқытушылары ат салысты. Атап айтсақ, спорт клубының төрағасы Сулейменов С.Д., оқытушылар: Демеуов Т.Қ., Сатбаев Д.Қ., Қапеннов Н.Қ., Абайдильдин Ж.М., Ахметов Қ.Х., Шакиров Б.Ш.



"Сергектік және денсаулық" аясында өткен жарыс барысында университет ұстаздары мен қызметкерлерінің денсаулықтарының мінсіз екендігіне толық көзіміз жетті. Барлық жарысқа қатысушыларға "Дене шынықтыру" кафедрасының атынан дендері сау болып, еңбектері жемісті болуын тілейміз.

"Дене шынықтыру" кафедрасының  
доценті Сейдуалиев Жұмабек  
Төрбекұлы



*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.  
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,  
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының  
шығарушы редакторы - Б.Хабай, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,  
редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,  
Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.  
Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.*